

«6D020200 –Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Курпебаева Газиза Кабыловнаның
«Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст тұрғысында
(Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Тақырыптың өзектілігі. 2011-2013 жылдары терең қоғамдық-саяси дағдарыстың нәтижесінде Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы бірқатар елдерде саяси режимдердің өзгеруі орын алды. Авторитарлық режимдерді тұрақсыздандырудың алғышарттарының болғанына қарамастан, олардың мәжбүрлі түрде өзгеріске ұшырауы бірқатар араб мемлекеттерінің дағдарысқа және бытырауына әкеп соқты. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка «араб көктемі» деп аталатын саяси режимдердің еріксіз революциялық трансформациясына қатысты. Осы наразылықтың салдары Таяу Шығыстағы бірқатар елдерде жағдайдың тұрақсыздануына әкелді. Осы орайда, бұл көтерілістердің алғышарттарын мұқият зерделеу қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар, соңғы жылдары араб әлемінде болып жатқан процестер тек аймақтық ғана емес, сонымен қатар жаһандық даму процестеріне қатты әсер етуде. Сондықтан Г.К.Курпебаеваның диссертациялық зерттеу тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігі күмән тудырмайды.

Араб әлеміндегі саяси дағдарыс - бұл терең стратегиялық түсінуді қажет ететін өте күрделі құбылыс. Диссертациялық жұмыста ұсынылған саяси режимдердің іс-әрекеттеріндегі тұрақсыздандыруши факторлар мен оқиғалардың әлеуетін жинақтау деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін тұжырымдар араб және көршілес аймақтардағы тұрақсыздық деңгейін бағалау механизмін одан әрі нақтылау бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығын анықтайды. Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы қолданыстық сипатымен негізделген. Зерттеу нәтижелері халықаралық қатынастар және шығыстану факультеттерінің студенттеріне мамандандырылған пәндерді оқыту аясында, арнайы курсарды оқыту барысында қолдана алуы мүмкін.

Диссидентант жұмысының негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus мәліметтер базасына кірген басылымда баяндалды.

Г.К.Курпебаеваның диссертациялық зерттеу жұмысы мазмұнды, жүйелі, тақырыпқа сай, ретімен ашып жазылған, қолданылған әдебиеттер саны, орналастырылуы талапты түрде жасалынған. Ізденуші жұмысында «араб көктемін», бұл құбылыстың себеп-салдарын жан-жақты зерделеп, оның нәтижелерінің аймақтық және жаһандық қауіпсіздік тұрғысынан талдай

отырып, Сирия дағдарысын шешудегі Қазақстан Республикасының рөлін қарастырган.

Бұғынгі таңда Таяу Шығыс аймағы әлемдегі ең қауіпті аймақтың біріне айналуда, себебі аймақтағы ішкі жанжал көп өлшемді болумен қатар, оның салдары туралы болжай жасау қындық туғызады. Бұл жағдай жанжалдың жақын аймақтарға кеңінен таралуы туралы мәселе қоюға мүмкіндік береді. Бұл процестің көптеген аспектілері және өсіресе оның салдары аймақтық ғана емес, сонымен қатар ғаламдық ауқымдағы салдары тұргысынан мұқият талдауды қажет етеді. Осы мәселелерге диссертациялық жұмыста ерекше көңіл бөлініп, пайымдау мен қорытындылар жасалған. Диссидентпен таңдалынған диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеудегі қойылған мақсат пен міндеттерді толық орындауға қол жеткізді. Жалпы алынғанда, диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері бір-бірімен байланысқан бірлігі бар ғылыми енбек болып табылады.

Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес ғылыми жұмысы болып саналады, автор кіріспе бөлімінде алға қойған мақсат пен міндеттерін шеше білген. Зерттеу жұмысының алға қойған мақсат пен міндеттері диссертацияның әр тарауында теориялық және әдіснамалық шешімін тапкан.

Тұтастай алғанда, Курпебаева Газиза Кабыловнаның «6D020200 – Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Әлемдік саясаттағы араб дағдарысы аймақтық контекст түрғысында (Египет, Ливия және Сирия елдерінің мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғарғы деңгейде орындалған аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» қойған талаптарына сәйкес келеді және ізденуші Г.К.Курпебаева «6D020200 – Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Пікір беруші:

Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті,
«Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер
институтының жетекшісі,
тарих ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА-ның академигі

Тел.: +77477251756
E-mail: h.abzhanov@gmail.com



Х.М.Эбжанов